



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРДІҢ СӘНІНЕ САЛТАНАТЫ КЕЛІСПЕЙ ТҰР



Елдегі экологиялық ахуал дабыл қағатын дәрежеге жеткенін еріктілер мен экологтар көптен бері айтып жүр. Жаз маусымында бұл проблема тіпті еселене түседі. Қай өзен-көл мен тау бөктерін алып қарасаңыз да, шашылған қоқыс, қалған тамақ, сансыз құты, бөтелкелерден көз сүрінеді. Қазақстанның туризмді шырқ иіріп, бюджет қазынасын әлдеқашан қампайтып отыратын әлеуеті болса да, әлі күнге ол деңгейге көтеріле алмай келеді. Әрине, оған себеп – ең алдымен осы қоғамдық мәдениетті қалыптастыра алмау және экологиялық қолайлы ахуал жасамау.

(Соңы 3-бетте)

ОҚЫРМАН ХАТЫ

## ЖАЛАНЫҢ ЖЫЛАННАН ДА ЗӘРІ УЫТТЫ...

Жамбыл облысы «Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржы-экономикалық секторының меңгерушісі Іңкәрбекова Дана Сершибайқызы, бас есепшінің орынбасары Алимкулова Аймкүл Нурпеисқызы осы мекеменің есеп секторының жетекшісі Гүлнар Уркумбаеваның жаласымен істі болды және Жамбыл облысы, Тараз қаласы №2 сотының 06.04.2021 жылғы үкімімен олар ҚР Қылмыстық кодексінің 189-бабының 4-бөлігінің 2-тармағымен кінәлі деп танылып, сотталды.

Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы № 1А-223/2021 қаулысымен үкім өзгеріссіз қалдырылып, күшіне енді.

Бір шаңырақтың отанасы, бала тәрбиелеп, айрандай ұйып отырған отбасылардың бір күнде құл-талқаны шықты. Іңкәрбекова Дана Сершибайқызының бес жасар сәбиі, қартайып, таяққа сүйеніп отырған енесі, жүрегі әрең соғып тұрған анасы және олардың отағасы мен бауырлары сот залынан Дана Іңкәрбекова мен Алимкулова Аймкүлді СИЗО-ға алып кетті деген хабарды күтпеп еді. Олар жаланың жыланнан да зәрі уытты екенін бір жарым жыл СИЗО-да отырып, соңынан Тараз қаласының №2 сотының үкімімен Дана Іңкәрбекова 8 жылға, Алимкулова Аймкүл 7 жыл 6 ай мерзімге сотталып кеткенде ғана зұлымның аждаһадан кәрі мықты екенін түсінді.

Бүгінде олар соттың заңды күшіне енген шешімдерін кассациялық тәртіппен қайта қарау жөнінде өтініш-хат жіберіп, әлі де әділетті заңнан үмітін үзбей отыр.

«Әділ заң – тірегің» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, Қазақстан сот жүйесінде тырнақтай әділдік болса, сотталушы Г.Уркумбаеваның жалған жаласына негізделген үкімді заңсыз деп тану қажет деп есептейміз.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және сотта Дана Іңкәрбекованың және А.Алимкулованың аталған қылмысқа қатыстылығын дәлелдейтін, олардың пайдакүнемдік ниетін, Г.Уркумбаева арқылы мемлекет қаржысын қасақана талан-та-

рағға салғанын, алыс-берісін, бөліскенін дәлелдейтін нақты құжаттық айғақтар анықталған жоқ. Оларға қатысты тағылып отырған айыптар қылмыстық істе дәлелдемелермен расталмаған. Сот бүкіл айыптауларға сотталушы Г.Уркумбаеваның жауаптарын біржақты негізге алған. Г.Уркумбаеваның бұларға жапқан жаласын бірде-бір куә қуаттап отырған жоқ.

Не тергеу барысында, не бірінші және екінші инстанциялық сотта Г.Уркумбаеваның жаласының шынайылығы тексерілмеді және басқа да дәлелдемелермен: куәлардың жауаптарымен, сарапшылардың қорытындыларымен, айғақтық заттармен және басқа да құжаттармен еш қуатталмады. Сондықтан да мұндай жағдайда тек сотталушы Г.Уркумбаеваның жалған көрсетпелеріне негізделген үкімді ҚР Жоғарғы Соты заңсыз деп тану қажет деп санаймыз.

Қылмыс адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған және Г.Уркумбаеваны белсенді атқарушы етіп көрсеткен. Өйткені, осы істе алдын ала сөз байласу фактісі дәлелденбеген. Сотталушы Г.Уркумбаева бұл фактіні бірнеше рет және әртүрлі түрлендіріп өзі де шатасып, тергеушілерді де алдап, түлкі бұлғаңа салған.

(Соңы 6-бетте)

СҮЙНІШ!

## БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

**БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:**

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

**БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?**

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

**ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?**

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

**Ал, құрметті оқырман!**

**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!  
ІСКЕ СӨТ!**



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Алмат ЕРМАНОВ,**  
Қостанай облыстық сотының  
азаматтық істер жөніндегі сот  
алқасының төрағасы:

**«ҚАЖЕТТІЛІК ТУДЫРМАЙ,  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ  
МӨРТЕБЕСІ  
КӨТЕРІЛМЕЙДІ»**

– Алмат Нұрмұратұлы, азаматтық істер өндірісінде қазіргі таңда қандай мәселелер өзекті?

– Еліміз егемендік алған соңғы отыз жылдың ішінде Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танытты. Ең қымбат қазынамыз – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі Ата Занды атап көрсетілді.

Ата Заң бойынша, республикамыздың кез келген азаматы, азаматтығы жоқ адамдар және шетел азаматтары халықаралық шарттарға сай, өзіне тиесілі құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, оларды сот арқылы қорғауды талап етіп, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге құқылы. Сот өз кезегінде олардың арыздары мен шағымдарын заң шеңберінде, бейтарап түрде қарап, заңды әрі әділ шешім қабылдайды. Бұл – құқықтық мемлекеттің басты қағидасы.

(Соңы 5-бетте)



КОДЕКС

# ЖАҢАШЫЛДЫҚ СОТ САЛАСЫН ҚАЙТА ТҮЛЕТТІ



Ербол ТӨЛЕБЕВ,  
Ақтөбе облыстық сотының  
әкімшілік істер жөніндегі сот  
алқасының төрағасы

**Соңғы жылдары сот жүйесі көптеген оң өзгерістерге қол жеткізді. Солардың бірі – ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылдануы. Қабылдағанға дейін пікірталас тудырған бұл кодекс Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы халыққа арнаған бірінші Жолдауындағы «еститін мемлекет» ұғымымен толық сәйкес келеді.**

Әкімшілік әділеттің қалыптасуында соттарға үлкен рөл бөлінген, себебі жария-құқықтық қатынастарда соттар азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

ӘРПК талаптарын іске асыру мақсатында Жоғарғы Сот, облыстық және оларға теңестірілген соттарда әкімшілік істер жөніндегі сот алқалары құрылды. Әр облыс орталығында, республикалық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ Қаскелең, Семей, Жезқазған және Екібастұз қалаларында мамандандырылған 21 әкімшілік сот құрылды. Бір жыл бойы соттар мемлекеттік органдарға, халыққа және бизнес-ортаға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ӘРПК-нің басты қағидаты – заңдылық пен әділдік; құқық, бостандық пен заңды мүдделерді қорғау; әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері; құқық басымдылығы; сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу; анықтық презумпциясы; соттың белсенді рөлі; әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі; сот актілерінің міндеттілігі. Яғни, соттарға кең өкілеттілік берілген.

Әкімшілік әділет институтының жұмысы ең алдымен әкімшілік істер бойынша сот төрелігін іске асыру нәтижелерімен бағаланады. Мысалы, Ақтөбе облысының соттары 2022 жылдың 6 айында әкімшілік істер бойынша шешімдердің 60,5%-ын азаматтар мен заңды тұлғалардың пайдасына шығарды.

Барлық істердің 14,5%-ы тараптардың татуласуымен, ал дауды тараптар өзара реттеуіне байланысты талап арыздарды қайтарып алу көрсеткіші 15,4%-ды құрады. Осы екі негізбен барлық істердің шамамен 1/3 бөлігін тараптар өзара шешті деуге болады.

Жария-құқықтық даулар бойынша сот төрелігін іске асыруда Азаматтық процесстік кодексті қолданып, мұндай нәтижеге жету мүмкін емес еді, өйткені мемлекеттік органдардың дауларды бітімгершілік жолымен реттеуге мүмкіндіктері болмады.

Қазіргі уақытта ӘРПК жоғары тиімділікті көрсетіп отыр. Осыған қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен келіспеушіліктегі құқықтарын қорғау деңгейі азаймай отыр.

Мәселен, биыл қаңтар айында Нұр-Сұлтан қаласында бизнес өкілдерімен өткен кездесуде Президент Үкіметке, Жоғарғы Сот пен «Атамекен» ҰҚП-на бірлесе отырып, мемлекеттік органдардағы теріс тәжірибелер мен олардың алдын алу және жою жөнінде талдау жасауды тапсырды. Сонымен бірге, егер сот мемлекеттік органдардың қателіктерін ылғи түзетсе, онда мұндай басшылар өз орнында емес деген сөз айтылды. Ал 2022 жылдың 19 мамырында Президент басымдылықтардың бірі ретінде сот төрелігін қамтамасыз етіп, жақын арада сот жүйесін реформалау қажеттігі туындап отырғанын атап өтті.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Ақтөбе облысының соттары жалған мемлекет мүддесін қорғау фактілерін болдырмау үшін мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесулер ұйымдастырды.

Қаралған істерді талдау барысында облыстың кейбір мемлекеттік органдарының жұмыстарында жүйелі кемшіліктері анықталды. Мысалы, биылғы 6 айда келіп түскен талап қою арыздарының 2/3-і салық, жер қатынастарынан және сот орындаушыларының қызметінен туындайтын дауларға қатысты.

Статистикалық мәліметтерге жүгінесек, 2022 жылдың 6 айында салық дауларына қатысты істердің 65%-ы салық төлеушілерінің пайдасына аяқталды, жер даулары бойынша бұл көрсеткіш 83%-ды құрады, ал сот орындаушыларына қатысты істер көрсеткіші 55%-ды құрап отыр.

Кәсіпкерлерден салық органдарының шешімдері, хабарламаларын заңсыз деп тану және олардың күшін жою туралы талап қоюлар көп түседі.

«ҚР Салық туралы және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (Салық кодексі)» кодексінің 96-бабының 2-тармағымен камералдық бақылау бойынша хабарламаны орындау негіздерінің толық тізбесі көрсетілген. Камералдық бақылау сағасында салық төлеушіге хабарламаны мерзімінде орындау міндеті екі тәсілдің бірімен жүктеледі: анықталған құқық бұзушылықтарды жою немесе түсіндірмелер ұсыну.

Көбінесе салық төлеушілер белгіленген мерзімде жолданған хабарламаларға түсіндірмелер береді. Осыған қарамастан, салық органдары камералдық бақылау нәтижесі бойынша хабарлама орындалған деп шешім шығарады.

Көбіне соттар салық органдарының бұл шешімдерін заңсыз деп танып, олардың күшін жояды. Алайда, салық органдары осындай шешімдерді қабылдауды жалғастырып келеді, ал кәсіпкерлер тарапынан бұл негізді шағымдарды тудырады.

Әкімшілік органдар тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында облыс соттары келесі шаралар қабылдады: 37 жеке ұйғарым шығарылды, оның 21-і орындалды.

ӘРПК жаңашылдықтарының тағы бірі – бұл соттың жеке, лауазымды тұлғаға, заңды тұлғаға немесе оның өкіліне айлық есептік көрсеткіштің оннан жүзге дейінгі мөлшерінде ақшалай өндіру салуға мүмкіндік берілгенін айтуға болады.

Сот өзінің процессуалдық құқықтарын теріс пайдаланатын немесе сотқа құрметсіздік танытқан адамға, сондай-ақ сот шешімін орындамағаны немесе бітімгершілік, дауды медиативтік немесе партисипативтік әдіспен реттеу келісімін бекіту туралы сот ұйғарымдарын орындамаған жауапкерге ақшалай өндіру белгілеуі мүмкін.

**Биыл 6 айда сот талаптары мен шешімдерін орындамағаны үшін 9 ақшалай өндіріп алу шарасы белгіленді.**

**Әкімшілік әділетті қалыптастыру үшін соттар үнемі жұмыс жасауда, дауларды шешу сот тәжірибесінде жетілдіріліп келеді. Елдегі сот саласы алдағы уақытта да жаңа реформалардың ұйытқысы бола бермек.**

БЕТБҰРЫС

**Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттырады, мемлекеттік органдармен дауларды қарау барысында, жоғары тұрған органдарда және соттарда істерді қарау барысында азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғау кепілдіктерін бекітеді.**

ӘРПК екі бөлімнен тұрады, бұл - әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу. Ол келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

Құқықтардың басымдық қағидаты – әкімшілік рәсімдер туралы заңнаманың барлық күдіктері, қайшылықтары мен түсініксіздігі әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі;

ресми талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу-әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімге қаты-



Бакытбек ОМАРОВ,  
Ақтөбе қаласының Әкімшілік  
құқықбұзушылықтар жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының судьясы

бұл нормалар өз кезегінде азаматтар құқығының жоғары деңгейде қорғалуына кепілдік береді.

Бұған қоса әкімшілік рәсімдер ішкі және сыртқы болып қарастырылып, оларда әкімшілік актілерді қолайлы және ауыртпалықтары бойынша саралау, билік органдарының сыртқы салдары бар әкімшілік актіні қарау және қабылдаудың тәртібі түсіндірілген. Бұлар адамның әкімшілік акт қабылдағанға дейін тыңдау және дауды сотқа дейінгі міндетті реттеу құқығын көздейді. Арнайы қағидаттарды, атап айтқанда, сенім құқығын қорғау, ресми талаптарды асыра пайдалануға тыйым салу мәселелері қамтылған. Айтып отырған тәртіптің сақталмауы әкімшілік актіні заңсыз деп тануға негіз болады.

Әкімшілік әділет институтының негізгі нысанасы жария-құқықтық қарым-қатынастар бойынша жасалатын даулар болғандықтан, кодексте бірнеше мақсат көзделген. Солардың бастысы,

# ТАРАПТАР АРАСЫНДА ТЕҢСІЗДІК БОЛМАЙДЫ

сушының құқығын іске асырудан бас тартуға, шектеуге, тоқтатуға, сондай-ақ заңнамада белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында оған міндет жүктеуге тыйым салынады;

қорғау құқығын сенім-әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі заңмен қорғалады;

соттың белсенді рөлі – сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, мәлімдемелерімен, өтініш хаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектелмей, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттейді;

әкімшілік процеске қатысушылардың өз бастамасы немесе уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды; әкімшілік істің нақты және заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот процесінің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндеттілігін, әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинайды.

Әкімшілік істер бойынша соттың заңды күшіне енген сот актілері, соттар мен судьялардың тапсырмалары,

шақырулары, сұрау салулары, басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өзі басқару органдар, барлық тұлғалар үшін міндетті. Сот шешімдерінің орындалуы соттың ұдайы бақылауында болады. Сот актілерін орындамау процесстік мәжбүрлеу шараларын қолдануға негіз болып табылады. Жауапкер соттың шешімін, татуласу рәсімдерін жүргізу нәтижесінде жасалған келісімдерді бекіту туралы ұйғарымды орындамаса, оған 50 АЕК мөлшерінде айқшалай өндіріп алуды қолданады. Әрі қарай тағы орындамауды жалғастырса, қайтадан қосымша оған осы шаралар қолданылады. Кодекстің енгізілуімен қоғамдық құқықтық дауларды шешудің жаңа түбегейлі прогрессивті жолы ашылып, кодекстегі дәлелдеу, сот талқылауы және басқа да жаңа ерекшеліктерге назар аударылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің мақсаты – тараптар арасындағы теңсіздікке жол бермеу.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығы, дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азамат немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктеледі. Барлық қарама-қайшылықтар мен дудамал тұстарда азаматтар мүддесі ескеріліп, соттың белсенді рөлі қағидатында сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтініш хаттарымен, олар ұсынған өзге де материалдармен шектеліп қалмай, өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтініш хаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинауға құқылы. Судья әкімшілік істің құқықтық негіздемелері бойынша пікірін айта алады және

азаматтардың басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беретін тиімді тетіктер. Бұл тетіктер, әкімшілік-процес қағидаларына сай, жария құқық сипатындағы дауларды шешетін жеке сот ісін жүргізудің енгізілуі. Сондай-ақ, онда жеке тұлғаның әкімшілік органмен дауласқан сот ісіндегі құқықтық қабілетін теңестіретін құжаттар қамтылған. Мысалы, дәлелдеу ауыртпалығы әкімшілік сот актісін қабылдаған әкімшілік органға жүктеледі, сондай-ақ, соттың белсенді рөлінің қағидаты бекітілген. Кодекстің басты көздегені тараптар арасындағы теңсіздікке жол бермеу. Сондықтан, әкімшілік әділет институты азаматтар құқығын мемлекеттік басқарудың заңсыз әрекеттері мен әрекетсіздігінен қорғаудың кепілі болмақ. Бұл тұрғыда айтарлығы, осы заң аясында мемлекеттік орган жеке және заңды тұлғаларға қарсы талап арыз бере алмайды. Себебі, кодекс азаматтар мен заңды тұлғалардың өздеріне қатысты әкімшілік құзіретке ие органдарға, билікке қарсы талаптарын қарауды реттейді. Егер азаматтар өздерінің жариялы-құқықтық саласындағы құқықтары мен бостандықтары мен мүдделеріне нұқсан келді деп санаса, онда әкімшілік сотқа әкімшілік талаптарын қоя отырып жүгіне алады.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін және оларды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Мемлекеттік, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сонымен бірге жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары.

Әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге, құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті.

Аталған кодекс мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын одан әрі арттырып, әкімшілік озбырлық, сыбайлас жемқорлық фактілеріне тосқауыл болатынына сенім зор. Өйткені, әкімшілік әділет заң үстемдігінің кепілі болмақ.

ҚЫЗМЕТ

# ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК ҚОЛЖЕТІМДІ

«Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің негізгі басым бағыттарының бірі – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың құқығын қорғау. Бірлестіктің Шымкент қаласындағы филиалы аталған мақсатты жүзеге асыру барысында апта сайын азаматтарды жеке қабылдау жүргізіп, әр азаматтың мәселесін зерделеп, заңгерлік кеңес беруді жүзеге асырады.

Қабылдауға келген азаматтар тек заңгерлік кеңес алып қана қоймай, сонымен қатар қажет болған жағдайда кешенді заңгерлік қызмет те алуда. Ең бастысы осы қызметтің барлығы тегін жүзеге асырылуда.

Мысалы, ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында біздің филиал 60 мәселе бойынша 100-ден астам азаматты қабылдап, заңгерлік көмек көрсетті. Азаматтардың басым көпшілігі тиісті мемлекеттік органдарға және сотқа жүгінуге тиісті өтініштер мен талап-арызды жазуға көмек сұрап келеді. Бұндай жағдайда заң жүзінде тиісті құжаттарын дайындап, ЭЦҚ кілт алып, оны тиісті органдарға жіберуге көмек көрсетеміз. Есептік кезеңде 10-нан астам азаматқа сот арқылы алимент өндіруге сот бұйрығын шығарып берсек, 23 адамның өтінішін жазып, тиісті органдарға жіберуге және олар бойынша оң жауап алуға бақылау жасадық.

Азаматтарды қабылдауда кездесетін өзекті мәселелер: алимент өндіру, мерзімі өткен несиелер, әлеуметтік, инфрақұрылым, білім, денсаулық сапасының мәселелер. Әділетті қоғамды қалыптастыру жолында әр азаматты құқықтық сауатты болуға шақырамыз.

Қаламыздың кез келген азаматы аптаның әр бейсенбісінде Бәйдібек би көшесі, 45 мекенжайы бойынша тегін заңгерлік кеңес пен қызмет ала алатынын айтқымыз келеді.

**Айжан КЕСЕБАЕВА,  
«Әділдік жолы» РҚБ Шымкент қаласындағы филиалының басшысы**



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қоғамдық мәдениетті жеке адамның ар-ұяты мен таным-түсінігіне қалдырған күнде де, елдегі экологиялық тазалықты қамтамасыз ету, сапалы қызметті дамыту – мемлекеттің атқарушы тетіктеріндегі арнайы министрліктер мен жергілікті әкімдік, қосымша комитеттердің құзырындағы шаруа-тұғын.

Шұрайлы мекен есебіне еніп, елдік қамқорлыққа алынған Көлсай, Қайыңды ассаңыз да, Шарыңды шолып, Есік көліне соғып, Түргенді түгел шарласаңыз да, көретінііз – осы тұмса табиғатқа адамзаттың қолымен жасалып жатқан қастандық. Қалалықтардың жаздың шілінгір ыстығында жан сауғалайтыны жалғыз Қапшағай еді. Биыл енді ол Қапшағайдың да қаптаған қалалықтар алдында қадірлі қалмады. «Суы лас, масасы малдай, айналасы коқыс» деп қандай аптап болса да, алматылықтар Қапшағайға аяқ баспаққа айналды. Алакөздегі ахуал да ауыз толтырып айтарлықтай емес. Бағасына бабы келіспейді. Мұнда да көл жағалауы мен көл ішіндегі көріністің күйі кеткен. Көктұманың жаны жабайылығының арқасында ғана қалып тұр. Жарықтандырылып, жайнап тұрған Жарбұлақ жағының тазалығы өкінішке қарай көңіліңді түсіреді. Айта берсек, елдегі ертегіге бергісіз жерлердің сөніне салтанаты келіспей тұр. Айналадағы ахуалды осылай бір бағамдап алып, Нұр-Сұлтан жаққа сұраулы жүзбен бұрыла қалсаңыз, бұл мәселеде олардың қамсыз, қарақетсіз отырғанын жайлы хабарға кезігесіз. Мәселен, «Қазақпарат» агенттігі экологияны жақсартуға үлес қосқан 26 кәсіпорынға 105 млн теңге төленгенін хабарлайды. «Жасыл даму» АҚ «Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері операторы»

ЖШС расталған міндеттемесі бойынша «EcoQolday» жобасының қатысушыларына төлем жүргізуді бастады», – дейді ақпарат агенттігі.

Бұдан бөлек, ең өзекті делінетін тағы бір мәселе – елдегі осындай туристік мекендер маңынан жаңа үлгідегі, әлемдік стандарттарға сай коқыс полигондарын салу. Егер коқыс полигондары салынып, оның жауапты адамдары экологиялық барлық аймақтардағы коқыстарды дер кезінде жинап, полигондарға аттандырып отырса, бұл мәселенің шешімі әлдеқашан табылған болар еді. Одан бөлек, заңсыз жасалған коқыс полигондарын жою табиғатқа жасаған ең үлкен қамқорлық болар еді. Экологиялық мәселелерді кешенді шешу бағдарламалары жабайы коқыс полигондарын жойып, заңды заманауи коқыс полигондарын көбейту мәселесін қолға алуы тиіс.

2020 жылы ҚР Үкіметінде өңірдегі экологиялық мәселелерді шешу бойынша кешенді Жол картасы әзірленген. Бұл картаны Экология министрлігі бекіткен. Алайда, бұл Жол картасы аясындағы атқарылған істер ауыз толтырып айтуға келмейді. Ішкі туризмді дамытқымыз келсе, бізге ең алдымен қоғамдық сана мен ішкі мәдениетті күшейтіп, мемлекеттік дәрежедегі ауқымды істерді бастаған абзал. Экологиялық тазалықты сақтау, оны дамыту туризмнен бұрын, өзіміздің денсаулығымыз үшін ауадай қажет. Экологияға қамқорлық бір күндік қайраткерлікпен емес,

ұзақ мерзімдік жанашырлықпен, жеке белсенділікпен, шынайы қамқорлықпен өлшенеді.

Қазақстанда экология саласында жекелеген болсын, ұжымдасқан топ есебіндегі болсын еріктілер бар. Олар үнемі «Жасыл ел», «Жасыл экономика», «Таза аула», «Таза қала», «Көкжайлау», «Біздің үй» секілді әртүрлі мемлекеттік, жекеменшік ұйымдар тарапынан қолға алынатын жобалар аясында жұмыс атқарып жүр. Одан бөлек, әлеуметтік желілердегі әртүрлі топтар шеңберінде немесе жекелеген өз бастамаларымен табиғатқа, бізді қоршаған ортаға шынайы жанашырлық танытып жүрген замандастар да жетерлік. Мәселен, журналист Аягүл Рамазанқызының көпшілікті салафан пакеттерден бас тартып, экологиялық санатта өте пайдалы делінетін қағаз пакеттерді пайдалануды ұсынып жүргеніне біраз болды.

Журналист Жұлдыз Әбділда, Жадыра Нармаханова тағы басқа да белсенді замандастарымыз көктем мезгілінде қала арықтарын тазалап, көпке үлгі көрсетті. Айта берсек, экологияға, өзін қоршаған ортаға үлкен жанашырлықпен, ерекше мейіріммен, шынайы қамқорлықпен қарайтындар өз әріптес замандастарымыздың арасында да, тіпті көмелеттік жасқа толмаған балалардың, жасөспірімдердің арасында да бар. Сөзбен белсенді болу бөлек те, белсенділігін іспен көрсететіндер сирек. Жақында фейсбук әлеуметтік

желісінде журналист Жұлдыз Әбділда сынып қалған сынаптың қалдығын өткізетін орындарды сұрап отырды. Ал, Аягүл Рамазанқызын осы салаға жанашыр нағыз қайраткерлер қатарына жатқызуға болады. Ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшаларында үнемі пластик қалдықтарын, өзге де тұрмыстық зиянды қалдықтарды қай мекенжайға өткізу керек екендігін көпшілікке хабарлап отырады. Бұлар – біздің ойға түскен санаулы ғана санлақтарымыз. Көрікті Көлсай мен Қайыңдыға қатысты да дабыл қағып, тазалығын, сұлулығын сақтауға үндеп отыратындар да көп. Алайда, табиғаттың төрін былғап, коқысын тастап кететіндер одан да көп. Осы тұрғыда біздің мемлекеттік мекеме, арнайы министрліктерге осы мәселеге қатысты жедел мониторинг жасап, ауқымды, кешенді бағдарламаларды бастап кеткені жөн. Табиғат – біздің тыныс-тіршілігіміз, өмірлік қорегіміз. Ендеше, оның ауасы мен табиғи сұлулығын көзіміздің қарашығындай қадірлеу – парыз.

**Айсұлу Құлпейіс, ерікті:**

– Біз екі жыл болды, жаз мезгілінде Алакөле барамыз. Бір жағынан, демалып, екіншіден, осы экологиялық тазалықты сақтау мәселесін түсіндіру есебінде. Алғашқы кезде демалушылар түкке түсінбей, түсінсе де, жақтырмай, тіпті сөйлеп кететін. Қазір біртіндеп үйреніп келеді. Ұлы сөзде ұят жоқ. Көлеге жақын маңға ақылы әжетханалар қойса да, аз-маз ақы

төлеуден қашып, қажетін сыртта өтей салатын ер адамдар мен балаларын тоса салатын немесе өздерін жібере салатын әйелдерді көп көрдік. Өкінішке қарай, әлі де ондай жағдайлар кездеседі. Біз шамамыздың келгенінше осындай заңсыздықтарға қарсы шығып жүрміз. Құм толтырған пластик бөтелкелерді суға лақтыратын балалар көп. Олар көл түбін ластайды. Бұдан бөлек, саудагер балалардың арасында балық сатып бара жатып, балық салынап целлофан қапталарын жағалауға лақтырып кететіндері жетеді. Айта берсек, мысал көп. Біз волонтер есебінде барғаннан кейін сол маңдағы тазалықтың жағдайына көз жеткізіп, қажетті тақырыбы көп айтылуы керек. Сонда ғана, бәлкім, жастар да, үлкендер де ойланар. Қоршаған ортаға қоқыс таратпау салу – үлкен қиянат. Бала үлкендерден көргенін істейді. Сондықтан құқықтық, қоғамдық сауатты арттырмай, бұған тоқтау жоқ. Қазір көпшілік тек айыптулар ғана қорқады. Мемлекет оларға осы тұрғыда айыптулар белгілеу керек. Кім ластайды, қоқыс тастайды, айыбын төлесін. Бір төлеген соң, ол адам өзі-ақ тыйылады. Біз қоғамдық тәртіпті осылай ғана күшейте алатын сияқтымыз.

М.ҚҰРМАНБАЙ

## ИГІ ІС

Абай облысы, Ақсуат ауданындағы Екпін ауылында мемлекет пен жеке кәсіпкерліктің серіктестігі аясында әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген 2 отбасыға Тастекеевтер әулеті жеке баспана тарту етті.

– Отбасымызда 5 қыз, екі ұл тәрбиеленіп отырмыз. Үлкен қызымыз биыл 11 сыныпқа көшсе, кіші ұлымыздың жасы 4-тен асты. Өзім бала тәрбиесімен үйде отырмын. Отағасы бізді асырау үшін мал бағады. Жаңа баспанаға ие болып, қуанышымыз еселеніп жатыр. Көп балалы отбасы деп елеп-ескеріп жатқан ел азаматтарына айтар алғысым зор, – дейді Алтынгүл Жәбенова. Ал екінші баспаның иесі атанған Майра Көкқозованың 3 баласы бар екен. Асыраушысынан айрылған



Социалистік Еңбек Ері Сайлаубек Таушаев Екпіннің жағдайы көп ауылдан ілгері екенін, мұнда әлеуметтік жағдайы өте төмен ешкім жоқтығын айта келіп, «Енді салынып жатқан жаңа үйлердің бірі болашақта жас дәрігерлерге тисе» деген тілегін де жеткізді. Бұған Тастекеевтер әулетінің басшысы Тұрсын Тастекеев: «Біз тек үйді ғана саламыз, ал оны кімге берерін аудан әкімдігі өзі шешеді. «Туған жерге туың тік» дегендей, халыққа пайдамыз тиісін деген ниетпен салдық оларды. Былтыр 2

## БОЛЖАМ

## АБАЙ ОБЛЫСЫ ГИННЕСТІҢ РЕКОРДТАР КІТАБЫНА КІРУІ МҮМКІН

Қазақ күресінен дәстүрлі түрде жыл сайын өтіп келе жатқан Бйғызбай Досқанаұлы атындағы Гран-При турнирі алдағы жылы Гиннестің рекордтар кітабына кіруі мүмкін. Бұл мәселе «Тұғыры биік Тарбағатай» өнер және спорт фестивалі аясында 30 шілдеде Абай облысының Ақсуат ауылында биыл 8-ші рет өткен турнир кезінде сөз болды.



Биыл бұл байрақты бәсекеге 13 елден 37 палуан қатысқан болатын. Олар 70, 90 және 90 келіден жоғары салмақ дәрежелері бойынша мықтыларды анықтады. Онда жеңімпазға 3 мың, күміс жүлдегерге 2 мың, қола жүлдегерге 500 АҚШ доллары көлемінде сыйақы тағайындалған болатын.

Тартысты өткен сайыста бейресми командалық есепте грузин палуандары үздік атанды. Атап айтқанда, Шикаидзе Нико (70 кг) мен Кавкарадзе Георгий (+90 кг) алтын, Гвинашвили Паата (90 кг)

күміс медаль алды. Ал құрамында биылғы «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы Мақсат Исақабұлов (+90) бар ел құрамасы екінші орынды қанағат тұтты. Қоржынға түскен алтын медальдың иесі Әсет Ахметжанов (90 кг) болса, қос қоланың иегері Рауан Алтынбек (70 кг) пен Мақсат Исағұлов болды. Үшінші орынды Польша мен Тәжікстан командалары бөлісті. «Қазақстан барысын» алғашқы айналымда сүріндірген поляк палуаны Каспер Журовский да, финалдық сында Р.Алтынбектің осал тұсын тапқан тәжік палуаны Навруз Каримов та ақтық сында ғана Грузиядан келген қарсыластарына есе жіберді. Өзге палуандар арасынан моңғолиялық Енхбол Ехтайван (70 кг), қырғызстандық Жамалбек Асылбекұлы мен молдовалық Михаил Марчинто (90 кг), ирандық Фархамидриза Саджади (+90) қола жүлдемен ерекшеленді. Ал Әзірбайжан, Өзбекстан, Сербия, Үндістан, Филиппин, Эстония елдерінен келген палуандар бұл жолы құрама қоржынына жұлде сала алмағанымен, тартысты кездесулері арқылы көрермен көзайымы бола алды. Турнирде ерекше есте қалған жағдайлар аз болмады. Мәселен, 90 келіде белдескен молдовалық палуан моңғолиялық қарсыласын 5 секундта жеңсе, ирандық палуан өзбекстандық қарсыласымен негізгі уақытта тең түсіп, белдесу кезінде ғана жеңіске жетті. Ал 70 келіде күрескен отандасымыз Р.Алтынбек ирандық спортшымен негізгі уақытта да, одан кейінгі белдесу кезінде де тең түсіп, соңғы салмақ өлшеу рәсімінде ғана қарсыласын салмағының жеңілдігімен ғана жеңді.

Бйғызбай Досқанаұлы атындағы турнирді өткізу идеясының авторы ғана болып қалмай, әлі күнге дейін ұйымдастыру тобына жетекшілік жасап жүрген Бәделхан Камалханұлының айтуынша, алғашқы жылы облыстық, екінші жылы бірден халықаралық дәрежеде өткен турнир үшінші жылдан бастап Гран-При деңгейіне ие болған. Әлемдік күрес тарихында ауылда өткен жалғыз әлем кубогы ретінде қалған бұл байрақты бәсекені 2019 жылы Гиннестің рекордтар кітабына кіргізу жұмысы басталған. Алайда коронавирус індетінің таралуына байланысты ол тоқтап қалған еді. Енді келесі жылы бұл шара қайта жалғасып, турнирге мәртебелі ұйым өкілдері ресми түрде шақырылатын болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## КӘСІПКЕР МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА ҮЙ САЛЫП БЕРДІ

ана үшін де бұл жағдай ерекше көңіл-күй сыйлаған.

«Тұғыры биік Тарбағатай» өнер және спорт фестивалінің құрметті қонағы болып келіп, жаны жомарт жандардың қайырмды ісінің куәгері болған ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы: «Бұл оқиға балалардың көңірегінде хаттай жазылып қаларына менің күмәнім жоқ. Сол балалар сіздер жасаған жақсылықты кейінгі ұрпақтарға, сіздерден көрген үлгіні ары қарай жалғастыратынына халық куә. Осы балалар азамат болып, болашақта кәсіпкер Дулат Тастекеев ағаларына еліктеп, халқына адал қызмет етсе, одан артық игі іс

жоқ», – дегенді айтты. Ал дәстүрлі ASSYL DOMBYRA айтысының 2021 жылғы жеңімпазы Қазірет Бердіхан: «Жігіттері жарысқан жақсылықпен, Екпіні басылмасын Екпіндінің. Балаларға баспана сыйлап жатыр Жалтақтап өтпесін деп жас ғұмыры. Аналардың жүрегі жарылуға, Шешілгендей ең басты ташпылығы. Бауыры тасқа айналған бұл қоғамды Тастекеев әулеті жібітуде. Үш бөлмелі пәтерлерден Үш жүзге танылар ер шыға берсін», – деген жыр жолдарын арнады.

Шара кезінде Тарбағатай ауданының құрметті азаматы, Екпін ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы,

үй салынып, өз иелерін тапқан. Былтыр тағы 2 үй салынды. Бұл іс келесі жылы тағы өз жалғасын табады», – дегенді айтты.

Жалпы, бұл шараның тарихы 2020 жылы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтің Ақжар ауылына барып, шекаралық аймақтарды дамыту жөнінде жиын өткізген кезден басталды. Онда тұрғындар тарапынан Ақсуат пен Ақжарда үйлер салу мәселесі жалпы көтерілген болатын. Соған сәйкес, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында алғашқы баспаналар салуды сәуір айының соңында Ақжар ауылында жергілікті кәсіпкер Қайрат Қожахметов бастады. Аумағы 100 шаршы метр болатын үйлердің қабырғасы газоблоктан тұрғызылып, жарық бағандары, кәріз жүйесі, ауыз су тартылды. Алғашқы кезекте 10 үйге келісімшарт жасалып, кәсіпкер салған үйлер бюджет есебінен сатып алынып, баспаналар кезекте тұрған көп балалы отбасыларға берілетін болған. Сол кезде Тарбағатай ауданының әкімі Серікқазы Сәдуақасов фейсбуктегі парақшасында «Жоспар бойынша Ақсуаттан 50, Ақжардан 50 баспана салуды межелеп отырмыз» деп жазған. Кейін бұл бастамаға тарбағатайлық Дулат Тастекеев, Әсет Мұфтиев, Дархан Шотабаев сынды кәсіпкерлер қосылып, ерқайсысы он-оннан 30 үй салуға уәде берген болатын. Игілікті іс кейін қайырымдылық шарасына ұласты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»



БИТІМ

## «ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА, ТӨБЕДЕГІ КЕЛЕДІ»

Қазақтың «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген аталы сөзінің түбіне үнілсек, ежелден-ақ келісімнің, түсіністіктің орны бөлек екенін аңғаруға болады.

Қоғам болған соң, кереағар пікірлердің, түрлі дау-шардың болып тұратыны ақиқат. Сол үшін ықпалы заманнан бері көшпелі өркениетте дау шешер билер қызмет атқарған. Олар даудың ақ-қарасын ғана шешіп қоймай, дауласушы тараптарды ымыраға шақырып, екі адамның ғана емес, екі рулы елді татуластыратын майталмандар болған.

Қазақ халқының осы бір өнегелі жолы бүгінде қайта қолға алынып, замануи үлгідегі қазіргі соттарға да қолданудың тетіктері жасалды.

Алдыңмен, осыдан он бір жыл бұрын «Медиация туралы» заң қабылданды. Халық арасында медиаторлардың жасаған жұмыстары оң нәтиже көрсеткендігінен, өмірде жаңадан сот медиациясы деген ұғым пайда болды. Оның негізінде судья өз қызметін атқару кезінде дауласушы тараптарға дауды бейбіт жолмен шешуді ұсынуға құқылы. Өз кезегінде тараптар ұсынысты қабыл алып жатса, келісімді судья медиатор ретінде бекіте алады.

Бұл – соттағы татуласудың алғышарттары болса, осы үрдіс кезең-кезеңімен жетілу арқылы, соттан тыс татуласудың институты қалыптасты. Яғни, талап сотқа келіп түскен күннен бастап, сот өндірісіне алынбастан, бітімгершіліктің тиімді тұстары мен құқықтары түсіндіріле отырып, тараптармен сұхбаттасу өткізіледі.

Бұл жерде азаматтар бірнеше ұтымды жағдайларды тиімді пайдалана алады. Біріншіден, уақыт үнемделеді. Максималды түрде айтқанда, бір ғана азаматтық іс сот өндірісіне қабылданған уақыттан бастап, шамамен бірінші саты сотында үш айға жуық қаралады. Егер соттың шешіміне келіспеген тарап шағым келтірсе, іс сот алқасында қаралады. Яғни сотқа дейін келісімге келсе, уақыт үнемделеді әрі сот ұйғарымы заңды күшіне он жұмыс күнінде енеді.

Екіншіден, артық шығыннан арылады. Сот отырысына әр қатысқаны үшін жол шығыны, дәлелдеме құжаттарды жинағаны үшін сот шығыны бар. Ал бұл жағдайда, бітімге келу үшін сотқа бір-ақ рет қана барады және төлеген мемлекеттік баж кері қайтарылады.

Үшіншіден, стрестік жағдайдан арылады. Сот отырысының бірнеше мәрте болатынын ескерсек, әр сот отырысына дайындалу, құжаттар өткізу, шағымдану, қарсы тараптан жанжалдасу секілді жүйкеге салмақ түсетін жағдайлар бар. Ал бір ғана келісіммен кеше ғана дауласқанның бүгін қол алысуы адамды уайым-қайғыдан жеңілдетеді.

Осы жағдайлар қазіргі таңда дауды шешудің ең озық әдісі болып отыр. Бүгіндері татуластырушы судья ретінде күн сайын қаншама тараптар арасындағы жылдап жиналған, бітпес дауға ұласқан түрлі деңгейдегі істермен бетпе-бет келіп жүрміз. Алайда, жылы сөз бен бір-біріне деген сенімділікті ұялатудың арқасында біраз тарап қол алысып, төс қағысып, сотта дауды бір-ақ сәтте шешіп жатады. Бұл «алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген даналықты нық ұстаған арда елдің бүгінгі ұрпақтарының араздасқанмен, ағайын елдің түбінде бір-біріне тілекші екенін, қазақтың бір ауыз сөзге тоқтайтын текті халық екенін аңғартады.

**Гүлнар ТИЫШТЫҚБАЕВА,**  
Қызылорда қалалық сотының судьясы

АЛТЫН ДІНГЕК

## ОТБАСЫ ОТАНМЕН ҮНДЕС



Қазіргі таңда отбасы және бала тәрбиесі – ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, отбасы – қоғамның негізгі әлеуметтік институты, адам өмірінің ошағы.

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген соң жастарға ұлттық тәрбие беру мәселесі уақыт талабымен бірге келген игілікті мақсат екені даусыз. Соған байланысты жастарды әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеу халқымыздың қасиетті қағидасы деп білеміз. Шынында да, әр азамат үшін Отан деген ұғымнан кейін отбасы тұрады. Отбасы – Отанның әрбір мүшесін дүниеге әкеліп, қанатын қатайтып, қалыпты қоғамға қосатын маңызды орта. Дананың да, ғалымның да ең алғаш тәлім-тәрбие алып, өмірге көзқарасы қалыптасатын орын – отбасы. Қазақ қоғамында отбасының берекесі оның толыққандылығында.

Бүгінгі таңда сот саласы да араздасқан отбасын сабырға шақырып, оны сақтап қалуға жұмыс жасап келеді. Себебі қазіргі кезде ел ішінен «сотқа беремін», «соттасып жүрмін» деген сөзді жиі естиміз. Бұрын «Бас жарылса, бөрік ішінде» дейтін халқымыз өз арасындағы дауын басқаға естірткісі келмеген.

Бұрынрақ сотқа ажырасу үшін келуді көпшілік намыс көретін. Қазір ол қалыпты құбылыс болып қалды. Бүгінгі таңда сотқа қосылғанына көп бола қоймаған жас жұбайлар да жиі арызданады.

Жалпы, ажырасудың негізгі себептерінің бірі – ерлі-зайыптылардың өз міндеттерін селқос қарауында. Олардың бір-бірінің алдында үлкен жауапкершілігі бар. Ердің жары мен бала-шағасы алдындағы міндеті – тамағын, киімін, жалпы, қажеттіліктерін қамтамасыз ету, балаларын тәрбиелеу. Ал, әйелдің ері алдындағы міндеті – отбасы шаруаларымен айналысып, балаларын бағып, күйеуіне мойынсұну. Әйелдің барлығы күйеулеріне мойынсұнып жатады деп айта алмаймыз. Ер-азаматтардың да бәрін бірдей жарына жұбайлық, балаларына әкелік міндетін толық атқарып жүр деп тағы айта алмаймыз. Осыдан барып, ұрыс-керіс, жанжал шығады. Ажырасудың тағы бір себебі мынада: жастар бірін-бірі жете танымай шаңырақ көтереді, отбасына түскен қиындықтарға шыдамайды. Сәл жанжалдасып қалса, ажырасам деп сотқа шағымданады. Сот неке бұзу алдында тараптарға татуласу үшін мерзім береді. Кейбірі ашумен арыз беріп, соңынан татуласып, бір-бірін кешіріп жатады.

«Отан отбасынан басталады» дейміз, сондықтан мемлекетіміздің іргесі берік, шаңырағы шайқалмасын десек, әркім өз отбасына ие болып, тату-тәтті өмір сүруі қажет. Ата-бабамыздан қалған осынау қасиетті сөздің мағынасына тереңірек үңіліп, ақылмен ойланып қараған жөн. Өйткені әрбір отбасы – өз алдына жеке бір шағын Отан. Сондықтан, отбасы – өте қажетті, ешнәрсенен өзгертуге не ауыстыруға болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйлайтық пен жарасымдылық орнаған орта. Ол – адам құмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі.

**А.А.ЛИМАНОВА,**  
Қарақия аудандық сотының бас маманы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Мемлекетіміздің, мемлекеттік институттардың дамуымен қатар оның қазіргі заңдық базасын жетілдіру де – маңызды аспектілердің бірі. Яғни, қоғамымыз алға басып, құқықтық жағынан дамыған сайын заңдар да заман талабымен үндесіп, жетіле түсетіндігі – табиғи заңдылық. Қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар ескіріп, орнына жаңадан заңдар қабылданып, кейбіріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Соның бір дәлелі – 2021 жылдың 1 шілдесінен қолданысқа енгізілген ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

Аталмыш кодекс азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Егер азаматтар мен заңды тұлғалар әкімшілік органдардың шешімдерімен келіспесе, олар ма-



## ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖИНАУ РЕТІ ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ

мандандырылған әкімшілік соттарға шағымдана алады. Бұл ретте, ӘРПК-де соттың белсенді рөлі қағидаты көзделген, онда сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинайды (егер олар жеткіліксіз болса). Яғни, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен шектеліп қалмайды. Атап айтқанда, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге құқылы.

Соттың белсенді рөлі қағидаты қолданылған мысал ретінде келесі әкімшілік істі келтіруге болады. Азаматша әкімшілік талап арызын беріп, онда мемлекеттік органның әрекеттерін заңсыз деп тануды сұрады. Талап арыздың мазмұны мен қойған талаптары түсініксіз екендігіне қарамастан, сот алдын ала тындау тағайындап, талап қоюшыға талап қоюдың жоюға болатын кемшіліктерін көрсетіп, әкімшілік істі дұрыс және уақтылы қарау мен шешу үшін Азаматтық процесстік кодексте көзделген процесстік әрекеттерді жүргізді.

Содан соң талап қоюшыдан нақтылау туралы арыз түсініп, тиісті дәлелдемелер мемлекеттік органдардан талап етілді.

ӘРПК-нің 19-тарауында дәлелдемелерді және дәлелдеу процесін құқықтық реттеу тәртібі мен ерекшеліктері көзделген. Дәлелдемелерді, дәлелдемелер ретінде алынбайтын нақты деректерді, дәлелдеу нысанасы мен дәлелдемелердің дереккөздерін құқықтық реттеу, сондай-ақ дәлелдемелерді (дәлелдеуді) жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану тәртібі және дәлелдемелер мен дәлелдеу туралы басқа да ережелер ӘРПК-ке белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда, Азаматтық процесстік кодекстің

нормаларында айқындалады.

Дәлелдеу міндетіне тоқталар болсақ, талап қоюшы өз мүмкіндіктеріне сәйкес дәлелдемелерді жинауға қатысуға міндетті. Берілген талап қою түріне қарамастан, талап қоюшы құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өзіне мәлім болған уақытты, сондай-ақ келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеуге міндетті.

Дәлелдеу ауыртпалығын дау айту жөніндегі талап қою бойынша ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдаған жауапкер; мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша сұратылып отырған әкімшілік актіні қабылдаудан бас тарту үшін негіз болған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы әкімшілік актінің қабылдануы негізделетін фактілер бөлігінде талап қоюшы көтереді.

Егер жауапкер нақты жағдайда талап қоюшы қалаған әкімшілік актіні шығаруды болғызбайтын іс жүзіндегі шарттардың болуына сілтеме жасаса, мұндай шарттарды дәлелдеу жөніндегі міндет осы жауапкерге жүктеледі. Әрекет жасау туралы талап қою бойынша сұратылып отырған әрекет жасаудан (әрекетсіздік танытудан) бас тарту үшін негіз болып табылған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы фактілер бөлігінде талап қоюшы; тану туралы талап қою бойынша қандай да бір құқықтық қатынастың болуын немесе болмауын растайтын фактілер бөлігінде талап қоюшы және бұдан былай заңды күші жоқ ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің, сондай-ақ қандай да бір жасалған әрекеттің (әрекетсіздіктің) құқыққа сыйымдылығын негіздейтін фактілер бөлігінде жауапкер көтереді.

Жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады. Егер барлық дәлелдемелерді зерт-

тегеннен кейін әкімшілік істің нәтижесіне негізделген қандай да бір факт дәлелденбей қалса, онда әкімшілік істі қарау және шешу нәтижелерінің теріс салдарларын осы фактіні дәлелдеудің ауыртпалығын көтеретін тарап көтереді.

Әкімшілік процеске қатысушылар сотқа әкімшілік істің нақты мән-жайларын зерттеуге және дәлелдемелерді жинауға жәрдем көрсетуге, сот талап еткен құжаттарды, сондай-ақ қажетті мәліметтерді беруге міндетті. Сот бұл құжаттарды белгілі бір мерзімге талап ете алады.

Әкімшілік іске қатысатын адамдар қандай да бір дәлелдемені жоюға немесе жасыруға не дәлелдемелерді алуға мүмкіндік тудырмай немесе оны қиындата отырып, оны зерттеу мен бағалауға өзге тәсілмен кедергі келтіруге құқылы емес. Мұндай жағдайда сот дәлелдеу ауыртпалығын кедергі келтіруші тарапқа жүктеуі мүмкін.

Сот өзі белгілеген мерзімде дәлелдемелерді ұсынуудың мүмкін еместігі туралы хабардар етілгенмен, сондай-ақ сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша сот талап еткен дәлелдемені ұсыну міндеті орындалмаған жағдайда, сот ӘРПК-нің 127-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

ӘРПК-де соттың белсенді ролі артып отырғандықтан, өз кезегінде сот тараптар ұсынған дәлелдемелермен шектеліп қалмай, қосымша мәліметтер мен дәлелдемелер жинауға сот құқығының, азаматтардың бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына елеулі үлес қосатындығы мәлім.

**М.ШАРИПОВА,**  
Ақтөбе облысының  
Мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы

ГЕНДЕР

## АДАМДЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Гендерлік теңдік мәселесі сөз бола қалса, ойымызға нәзік жанды әйелдер қауымының құқығы мен олардың орны қандай деген сұрақ келеді. Алайда, гендерлік теңдіктің ауқымды бұдан әлдеқайда кең және оның саяси мәні де зор. Кез келген мемлекет үшін әйел мен ер-азаматтың әлеуметтік ортадағы орнын тең ұстап, жалпы қоғамды сол қалыптан айнытпай алға жылжыту аса маңызды. Бүгінгі таңдағы басым міндеттердің бірі – әйелдерге қатысты күш көрсету жағдайларын төмендету.

Әлемдік тәжірибе гендер мәселесі көптеген елдерде мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылатынын көрсетіп отыр. Халықаралық қоғамдастық гендерлік теңдік саласындағы рейтингтерді үнемі қадағалап отырады.

Сонымен, 2016 жылы елде 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді.

Еліміздің Ата Заңы – Конституцияның 27-бабына сәйкес, неке және отбасы, ана мен бала мемлекеттің қорға-

уында. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс отбасы-неке қатынастарын орнатады және реттейді. Олардың басты қағидасы – ерлі-зайыптылардың отбасындағы теңдігін, балалардың отбасылық тәрбиесінің басымдығын, отбасының кәмілетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең-тең құқықтарға, міндеттер мен мүмкіндіктерге қол жеткізуі, жыныс белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері ерлер мен әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында нақты жетістіктерге жетті. Қазақ елінің адам құқықтары бойынша көптеген халықаралық шарттарға қосылуының өзі гендерлік саясаттың бұдан әрі дұрыс жүргізудің алғышарты деуге болады.

**Г.БАСЫБАЕВА,**  
Мұғалжар аудандық соты  
кеңесінің бас маманы





(Соңы. Басы 1-бетте)

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде еліміздегі барлық саласында қомақты реформалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде сот жүйесінде Қылмыстық-процессуалдық, Азаматтық процесстік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, Еңбек кодексі және басқа да қоғамдық қатынастарды реттейтін заң актілері мен кодекстер қабылданды. 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің күні болып белгіленді. Судьялар мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы жақсартылып, қызметі материалдық-техникалық жағынан толықтай қамтамасыз етілді. Облысымыздағы барлық сот мәжіліс залдарына түгелдей дыбыс-бейне жазатын құрылғылар қойылды. Заманауи ақпараттық технологияны енгізудің басты ерекшелігі – арызданушы азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасқа түсуіне жол берілмейді. Сол сияқты «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары жұмысымызды анағұрлым жеңілдеті түсті. «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» жобалары өздерінің тиімділігін көрсетуде. Нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығая түсті.

Ал енді азаматтық істер өндірісіндегі өзекті мәселелерге келетін болсақ, жеке, заңды тұлғалар арасында жер телімін пайдалануға байланысты туындайтын дауларды айтар едім.

Облысымызда ушығып тұрған даулы істердің қатарында жеке, заңды тұлғалар арасында жер телімін пайдалануға байланысты туындайтын дауларды атап өткен жөн. Оның басты себебі – сотқа жүгінуді екі жақтың жер туралы заңдардың баптарын жете білмеулері, оның талаптарын дұрыс орындамауы. Заңда атап көрсетілгендей, сотқа жүгінуді тарап өзіне берілген жер учаскесін көрсетілген уақытта және нысаналы мақсатта пайдаланба, құжаттары заң талаптарына сәйкес заңдас-тырылмаса, мемлекеттік акт алынбаса және ол құжаттар дер кезінде тіркеу органдарынан өтпесе, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды.

Сондықтан азаматтарымыз жер туралы заңдарды, өздерінің талаптарын жете біліп, құқықтық құжаттардың қажеттілігін дер кезінде, толықтай қамтамасыз етсе, жерді өз меншігіне алуда заңсыздыққа жол берілмейтіндіктерін әрдайым ескергені дұрыс. Көп азаматтар ол жерді бірінші иесі уақытысында пайдаланбағандықтан, заңды түрде екінші адамға бергенде, «жер менікі» деп дау шығарады. Жер берілген екінші адам жерді алған күннен бастап, сол жерде құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Әрі ол жерді заң талаптарына сай өзінің атына заңдастырып алады. Құжаттары толық жасақталған мұндай жер учаскелерін мәжбүрлеп қайтаруға заң бойынша жол берілмейді. Себебі, жер телімін бірінші алған адам ол жерді уақытында мақсатты игермегендіктен, жерді пайдалану құқығынан айрылады.

Болашақта мұндай түсінбестіктерге жол бермес үшін, азаматтарымыз жер туралы заңдарды, өздерінің құқықтарын жете біліп, тиісті құжаттарды дер кезінде, толықтай қамтамасыз етсе, жерді өз меншігіне алуда заңсыздыққа жол берілмейді.

**– Қарапайым азаматтар тарапынан банктерге қатысты өкпе көп. Оларды халықтық қаржылық тұрғыда сауатын аздығын жиі пайдаланады деп айыптайды. Шын мәнінде, банктерге қатысты осындай заңсыздықтар анықтала ма?**

– «ҚР банктер және банк қызметі туралы» заңда банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша дауды сотқа дейін реттеу тәртібі жан-жақты, түсінікті етіп жазылған. Банктер қарыз алушылар арасында туындаған дауларды сотқа дейін реттеу кезінде олармен әңгімелесу жүргізіп, қарызды екі жаққа тиімді жолмен өтеу жайлы ұсыныстар жасап, шараларды заң аясында жүзеге асырулары шарт. Егер азаматтар банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда не білуі керек десек, біріншіден, қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындағаны және хабарламаша көрсетілген күні жинақталған берешек мөлшері көрсетілуі тиіс. Банкке қарыз алушыға өздеріне өтініш жасау құқығы



Алматы ЕРМАНОВ, Қостанай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

## «ҚАЖЕТТІЛІК ТУДЫРМАЙ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ КӨТЕРІЛМЕЙДІ»

бар екенін түсіндіріп, шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаудың салдарынан хабардар етуі міндетті. Екіншіке қарай, мұндай дауларды соттан тыс реттеуге мүмкіндік бар екенін банк, қаржы орталықтары көп жағдайда ескере бермейді.

**– Отбасылық соттардың жұмысы туралы айта кетсеңіз. Бүгінгі таңда отбасы институтын нығайту, шаңырықты сақтау тұрғысында қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Ажырасушылар статистикасы жоғары ма?**

– Жоғарғы Соттың бастамасымен тәжірибеге енген «Отбасылық сот» пен «Отбасы орталығы» жобалары бабалар дәстүрін одан әрі жалғастырудың жарқын бір көрінісі деуге болады. Облысымызда жанұяны сақтау мен отбасы институтын нығайтуда біраз жұмыстар тындырылды. Отбасылық дау-жанжалды өзара бітімгершілікпен шешіп, балалардың ата-анасымен бірге өмір сүруін қамтамасыз ету – жұмысымыздың ең басты өзегі.

Атап айтқанда, неке бұзу туралы талап арыз түскен сәттен бастап, судья жанұя мүшелері, олардың сәбилері моральдық күйзеліске түспес үшін істі бітімгершілікпен шешуге бар күш-жігерін жұмсайды. Отбасылық дауларға тәжірибелі психолог, адвокат, сондай-ақ, халық арасында беделді медиаторлар тартылады. Солардың көмегімен судья баланың тұрғылықты жерін, жеке-жеке тұратын ата-ананың балалары билер кеңесі, медиаторлар қауымдастығы ерлі-зайыптыларды татуластыруға барынша атсалысып келеді. Олардың көмегімен осы жылдың басынан 203 жас отаудың айырылысу жөніндегі талап арыздарынан бас тартып, қайта табысқандарын атап өткен жөн.

Деректер мен дәйектерге көз жүгіртсек, үйленгендеріне бес жыл толмаған жастардың ажырасуы жиі кездеседі.

2021 жылдың 20 желтоқсанында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Соған орай, бірнеше заңнамаға өзгеріс енгізілді. Жана өзгеріске орай, некені бұзу туралы талап қою Азаматтық процесстік кодекстің 148-бабының талабына сай болуы тиіс. Ендігі жерде соттар неке бұзу дауларына қатысты ортақ мүлкікті бөлу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау, алимент өндіру секілді барлық мәселелерді процессті жүргізу барысында қарайды. Егер тараптардың арасында алимент бойынша немесе ортақ мүлкікті бөлу бойынша мәселелер болмаған жағдайда, олар келісім құжатын жасақтау қажет. Мұның барлығы азаматтардың уақытын үнемдеуге, сот жұмысын жеңілдетуге бағытталған.

**– Сот шешімдеріндегі тілдік мәселелер жиі сөз болады. Мемлекеттік тілдегі іс қағаздары мен сот шешімдерінің сапасы сын көтермейді. Бұл тұрғыда қандай іс-шаралар атқарылуы керек деп есептейсіз?**

ұрыс-керіс болыпты, кеше үйленген балалары айырылысып жатқан көрінеді» дегенді мүлдем сирек еститін едік. Ондай жағдайлар туындағанда, ауылдың ақсақалдары сол үйге келіп, ақылын айтып, ерлі-зайыптыларды жарастырып жіберетін. Енді келіп жастарды татуластыруға ауылдың қарттары тұрмақ, екі жақтың ет жақындары да, ата-анасы да араласпайтынын көріп жүрміз. Соның салдарынан қаншама шаңырақ ортасына түсіп, қаншама бала тірі жетім атанып жүр?!

Сотқа ажырасуға келгендерге білгенімізді айтып, айрылысудың зардабы екі жаққа да, әсіресе, балаларға үлкен соққы болатынын түсіндіру – біздің парыз. Бұл орайда облыс орталығында,

закстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. «Тіл туралы» заңның 4-бабы, Азаматтық процесстік кодекстің 14-бабы, Қылмыстық процесстік кодекстің 30-бабы осы қағидаларды қуаттайды. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру – Қазақстандағы әрбір тұрғынның азаматтық парызы. Біздің әрқайсысымыз мемлекеттік тілде сөйлеуде және жазуда өзгелерге үлгі көрсетуіміз керек. Себебі мемлекеттік тілді білудің қажеттілігін тудырмай, тілдің мәртебесі өз деңгейіне көтерілмейді.

Сот саласында сот ісін жүргізу тілінің тәртібі Азаматтық процесстік кодекстің 14-бабында, Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында нақты көрсетілген. Аталған баптарға сәйкес, Қазақстанда сот ісін жүргізу қазақ тілін-

де жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал, қажет болған кезде, басқа тілдер де қолданылады деп көрсетілген.

Қостанай облысының соттары мемлекеттік тілді дамыту саясатын, оның қолдану аясын кеңейте отырып насихаттауға бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыруда. Құқық қорғау, мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару салаларының, жергілікті бұқаралық-ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізілуінің арқасында мемлекеттік тілде қаралып жатқан істердің үлес салмағы арта түсуде.

Азаматтық-процестік кодекстің 14-бабының 1,2-бөліктерінің талабына

ескеріліп, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Республикамызда тәуелсіз сот жүйесін одан әрі жетілдіруге аталған заң өз үлесін қосты. Осы уақыт аралығында барлық облыстарда мамандандырылған соттар құрылып, Алқабилер институты енгізілді. Күдіктілерді қамауға алу құзыреті прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, ғылым мен техниканың заманауи жетістіктері қолданысқа енді.

Жоғары кәсіби сот корпусын қалыптастыру, судьяларды қызметтік пәтермен қамтамасыз ету, уақыт талабына толықтай жауап беретін сот ғимараттарын салып, пайдалануға беруде де ұлан-ғайыр істер тындырылды. Сот төрелігін атқару кезінде судьялардың заңнамалық, құқықтық және материалдық жағдайлары анағұрлым жақсара түсті. Басқа да өзекті мәселелер кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда.

**– Маман біліктілігіне қатысты ойыңызды айта отырсаңыз. Судья біліктілігін арттыруға қатысты қандай ұсыныстар айтар едіңіз?**

– Сот қызметін ұйымдастыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерімен облысымызда Соттар әкімшісі айналысады. Сот персоналдың кадрлық әлеуетін арттыру, соттарда штаттық құрылымды және әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру, соттардың инфрақұрылымын жақсарту, тендерімделген көрсеткіштер жүйесін құру, қоғамның және басқа да қажеттіліктерге қарай соттарды қаржыландырудың оңтайлы үлгілерін анықтау мәселелері нақты шешімін табуға деп сеніммен айта аламын. Меритократия принципі бойынша мамандарды қызметке қабылдайтын конкурстық іріктеу кезінде, яғни ішкі және жалпы конкурста жариялықпен ашықтық барынша қамтамасыз етіліп, оған тәуелсіз бақылаушылар, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ өкілдері тұрақты түрде қатысып отырады. Конкурс барысында дыбыс-бейнебақылау жүйесі іске қосылып, әр қызметкердің еңбегі арнайы комиссия арқылы сараланып, бағаланады.

Жоғарғы оқу орнын бітіріп, сотқа келген жас мамандар жұмыс жауапкершілігінің ауқымы мен айлық жалақының сәйкес келмеуінен басқа қызмет орындарына кетіп жататыны жасырын емес. Жоғарғы сот басшылығының тікелей қолдауымен сот қызметкерлерінің жалақысын көтеру арқылы, мемлекеттік қызметке ынталандыру және соттар әкімшісінде кадр тапшылығын болдырмау мәселесі өз шешімін тапты. Болашақ судья заңгер, маман ретінде соттарда кәсіби шыңдалудан өтеді, тәжірибе жинақтайды. Сот қызметкерлеріне Судьялар одағының мүшесі ретінде қолдау жасалып, әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғалады. «Тура биде туған жоқ» қағидатын берік ұстанған судьялар әділдіктің айнасы, адалдықтың символы болумен қатар, жағары мәдениеттің, биік адамгершіліктің үлгісі бола білуі шарт. Судьялар тек сот ғимаратында, сот отырысында ғана емес, соттан тыс жерлерде де, тұрмыстық жағдайларда да кісілік келбетіне, антына адалдығына күман келтірмей, жат әдеттерден аулақ жүргендері дұрыс деп есептеймін.

Ауыр науқасты ажалдан араша-лап қалуға тырысқан дәрігер сияқты судьяның да сот процесінде қателесуге қажысы жоқ. Себебі екеуі де адам тағдырына араласады. Судьяның бір ғана қате шешімі бүкіл судьялар корпусының жылдар бойы жинаған атақ, абыройына кері әсерін тигізеді. Сондықтан судьяларға қойылатын талап ерекше болуы керек. Судьялық лауазым үнемі ізденісте болып, ерінбей еңбектенуді, кәсіби біліктілікті ұдайы көтеріп отыруды қажет етеді. Заңғар жазушы Шерхан Мұртаза ағамыз «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» дегенді тегін айтпаса керек. Ал, тоғыз қабат тор көзді сауыттың мықты болуы судьяның біліктілігіне тікелей байланысты.

**– Шынайы әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан  
Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Г.Уркумбаеваның түрлендіріп айтқан жауаптарын апелляциялық алқа мәжілісінде қорғаушылар Г.Уркумбаеваның өзіне және сотқа Г.Уркумбаеваның жауаптары бекітілген хаттамаларды көрсетіп тұрып, жауап алды.

Алайда апелляциялық алқа болса, ештеңеге қарамастан, адамдар тобы Г.Уркумбаева, Д.Іңкәрбекова, А.Алимулова, Н.Елеусинова 2014 жылы желтоқсанда алдын ала сөз байласқан деп, өз қаулысында жалған тұжырым жасаған. Сөйтіп, керісінше, тергеу анықтай алмай кеткен мәселені соттың актісімен сөз байласқан уақыттың нақты датасы 2014 жыл деп, жалған тұжырым жасап, даулы мәселені апелляциялық алқада сот қасақана жойды. Бұл заңсыз.

Г.Уркумбаева 2014 жылға дейін (басқа қатысушылармен сөз байласқанға дейін) қылмыстық құқықбұзушылық құрамының объективтік жағын жүзеге асырған. Ол жымқыруды өз бетінше 2008 жылы бастаған. Сол уақыттан бастап №51 мектептен ақша жымқырып келген.

Д.Іңкәрбекова мен А.Алимулованың іс-әрекеттерін алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыс деп саралауға келмейді.

Сондықтан да айыптау органы 2008-2013 жж. құқықбұзушылықтарды бөлек өндіріске бөліп тастаған. Ол өз алдына ҚР ҚПК 44-бабы 4-ші бөлігінің көрінеу бұзылуына әкеліп соқты.

Ал егер апелляциялық алқа бекіткендей адамдар тобы Г.Уркумбаева, Д.Іңкәрбекова, А.Н.Алимулова, Н.Елеусинова 2014 жылы желтоқсанда алдын ала сөз байласқан деп санасақ, онда Д.Іңкәрбекованың 2008-2013 жж. құқық бұзушылықтарға (бұған қатысты қылмыстық іс бөлек өндіріске бөлініп қаралған) еш қатысы жоқ деген сөз! «Алдыңғы арба қайда барса, соңғысы да сонда барадының» кейпін жасап, бұл істі бірінші инстанция формальдық тәртіпті сақтап, сахналап, облыстық алқаға жалтақтап, асығыс және үстіртін қарап, үкім шығарып Д.С. Іңкәрбекова мен А.Н.Алимулованы 2014-2019 жылдарда болған талан-таражға байланысты қаралған істің артынан бір ізбен әділетсіз соттап жіберді (Жамбыл облысы, Тараз қаласы №2 сотының (судья Б.Төребеқұлы) №3111-21-00-1/427 қылмыстық іс бойынша Аймқұл Алимулова және Дана Іңкәрбекова ҚР Қылмыстық кодексінің 189-бабы 3-бөлігінің 1)-тармағымен кінәлі деп танылып, 2022 жылғы 24 ақпанда үкімі шықты. Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 31 мамырдағы №1А-88/2022 қаулысымен үкім өзгеріссіз қалдырылып, күшіне енді).

Екінші инстанция үтір-нүктесін өзгертпестен, үкімді күшінде қалдырды. Құдды бір 37-ші жыл дерсің! Кассациялық алқа мүшелеріне осы мәселелерге баға беруді сұрадық.

Сот мемлекетке келтірілген шығындардың сомасын негізсіз жинақтап, нәтижесінде Д.Іңкәрбекова мен А.Алимуловаға аса ірі көлемде ақша жымқырды деген заңсыз айып тағылып, Қылмыстық кодекстің 189-бабының 4-бөлігінің 2-тармағымен заңсыз соттап жіберді.

Алайда, жалған қаржы аударылған тұлғалардың ешқайсысы Д.Іңкәрбековамен де, А.Алимуловамен де қарым-қатынас жасамаған және қатынаста болмаған.

Сонымен қатар, сот отырысында куә К.Сатыбалдиев әйелі Күләйша (ол кісі қайтыс болып кеткен) қарызға алтын бұйымдарын алған адамдарды қарыз дәптеріне жазып жүргенін, аталған дәптерді Жамбыл облысының прокуратурасының арнайы прокурорларына алып барып бергенін көрсетті. Жамбыл облысы Тараз қаласы №2 сотының №3111-21-00-1/427 қылмыстық іс бойынша Алимулова Аймқұл Қылмыстық кодекстің 189-бабы 3-бөлігінің 1)-тармағымен кінәлі деп танылып, 06.04.2021 жылы үкімі шықты. Бірақ, айыптау органы аталған дәптерді істен көрсете алмады, дәптер жоқ болып шықты.

Бұл туралы бірінші инстанцияда және апелляциялық алқада да анықталған, бірақ сот оны Д.Іңкәрбекова мен А.Алимулованың пайдасына шешпеген.

Сотталған Д.Іңкәрбекова мен А.Алимулованың қылмысқа қатысы жоқтығы келесі бірқатар дәлелдемелермен де куәландырылады:

Сотталушы Н.Елеусинова өз жауабында сотталушы Г.Уркумбаеваның Д.Іңкәрбекова және А.Алимуловамен бірге адамдар тобының келісінде болғанын білмегендігін көрсеткен. (Үкім, 48-бетте)



# ЖАЛАННЫҢ ЖЫЛАННАН ДА ЗӘРІ УЫТТЫ...

Алайда сот: «Сотталушы Н.Елеусинова өзінің сенімді тұлғаларына аударылған ақшаны өзі жаратқан, көрсетілген ақшаны онымен (кіммен?) бөліспеген. Сотталушы Н.Елеусинова оның аталған қылмысты бас есепші сотталушы Д.Іңкәрбекова мен оның орынбасары, сотталушы А.Алимуловалармен сыбайласып жасап отырғандарын білген. Сондықтан өзі де қорықпай, өзінің үш сенімді адамы Ж.Джарасова, А.Боранбекқызы және Р.Абдрахманова арқылы бюджет қаражатын жымқырған» деп дәлелсіз тұжырым жасаған.

2) Облыс прокурорының арнайы прокурорлар басқармасымен сотталушы Д.Іңкәрбекова мен А.Алимулованың иелігіне 2014-2018 жылдар аралығында тіркелген жылжымалы және жылжитын мүліктеріне, банктік есепшотындағы ақша айналымына талдау жүргізілді. Талдау барысында Д.Іңкәрбекова мен А.Алимулованың күдік тудыратын мүлкі, банк шотында қаражаты болғаны анықталмады. Сондай-ақ сотталушының тыйым салынатын жылжымалы және жылжымалы мүлкі жоғы анықталды.

3) Апелляциялық процесстің дайындық сатысында сотталушы Д.Іңкәрбекованың қорғаушысы Ф.Пирмағамбетов, Ф.К. Мажид: «Тараз қалалық №2 сотының судьясы Ф.Аманбаев ҚПК 436-баптың 3-бөлігінің 8-тармағын бұзу арқылы үкім шығару құпиясын көрінеу бұзды», – деп мәлімдеді және сол негізде Тараз қалалық №2 сотының 2021 жылғы 6 сәуірдегі үкімінің күшін жоюды сұрады.

Апелляциялық құрам сот процесінде алдымен істің мән-жайларын анықтап алу қажет деген негізбен шешім қабылдамай, өтінішті кейінге ашық қалдырды.

Қорғаушы тарап «Тараз қалалық №2 сотының судьясы Ф.Аманбаев ҚПК 436-баптың 3-бөлігінің 8-тармағын бұзу арқылы үкім шығару құпиясын көрінеу бұзды деген негізбен Тараз қалалық №2 сотының 2021 жылғы 06 сәуірдегі үкімінің күшін жоюды сұрап апелляциялық алқаға қайта өтініш хат мәлімдеген.

Тараз қалалық №2 сотының 2021 жылғы 6 сәуірдегі үкімінің 64-ші бетінде сот: «Сот талқылауы барысында сотталушы Г.Уркумбаева 10 000 000 теңге және Н.Елеусинова 2 440 926 теңге көлемінде мемлекетке келтірілген шығынды ішінара өндіргендері туралы құжаттар тапсырған. Осыған байланысты, сот іс бойынша талап арызды шешу барысында жоғарыда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, жәбірленушінің өкілі Д.Алиасқарованың талап арызды өндірілмеген сома көлемінде ішінара қанағаттандырылуға жатады деп табады» деп тұжырымдаған.

Яғни, сотталушы Г.Уркумбаева бірнеше траншпен, соңғысы 02.04.2021 жылы, Алматы облысы Қаскелең қаласындағы банк арқылы жергілікті уақыт бойынша 15 сағат 36 минутта кассаға 9 000 000 теңге төлеген.

Төленген түбіртек 02.04.2021 жылы сот талқылау барысында сотқа өткізілмеген, іске тіркелмеген. Судья Ф.Аманбаев 02.04.2021 жылы сағат 16.00-де

кеңесу бөлмесіне кеткен. Бірақ, судья Ф.Аманбаев үкім шығарғанда, осы түбіртекті негізге алған. Көшірмесін іске тіркеген (түбіртектердің көшірмелері істе бар).

Сотталушы Н.Елеусинова 31.03.2021ж.; 01.04.2021ж.; 05.04.2021ж. үш траншпен 2 440 926 теңге бюджетке төлеген. Соңғы төлемді 1 600 000 теңге сомасын Н.Елеусинова 05.04.2021 жылы Халық банкінің Жамбыл облыстық филиалы арқылы төлеген (түбіртектердің көшірмелері істе бар).

05.04.2021 жылы Н.Елеусинова төлем түбіртегін Тараз қаласы №2 сотына кеңсе арқылы өтініш-хатпен өткізген (канцелярияға өткізілген кіріс нөмері 517/1808 арыздың көшірмесі істе бар).

Судья Ф.Аманбаев кеңесу бөлмесіне 02.04.2021 жылы сағат 16.00-де кеткен (сот процесінің бейнежазбасы, сот мәжілісінің хаттамасы).

Яғни судья Ф.Аманбаевтың кеңесу бөлмесіне кетіп қалғаннан кейін Н.Елеусинованың төлем жасағанын көріп отырмыз.

Бірінші инстанция сотының судьясы Ф.Аманбаев ҚПК 436-баптың 3-бөлігінің 8-тармағын, яғни үкім шығару құпиясын көрінеу бұзып, үкім шығарған. Сот талқылауында жоғарыда көрсетілген төлем түбіртектері қарастырылмаған, ешкім ұсынбаған. Ал судья Ф.Аманбаев болса, сот талқылауы барысында сотталушы Г.Уркумбаева 10 000 000 теңге және Н.Елеусинова 2 440 926 теңге көлемінде мемлекетке келтірілген шығынды ішінара өндіргендері туралы құжаттар тапсырды деп тұжырым жасаған.

Сонымен қатар, судья Ф.Аманбаев ҚПК 385-бабы, 389-бабы және 390-бабының 1-бөлігінің 5, 10, 12 тармақтарына елеулі түрде бұзып, үкім шығарған.

4) Куә Г.Малибекованың сотта берген жауабына сай, яғни ол «Тараз қаласы әкімдігі білім бөлімі» КММ-нің бас экономисі болып жұмыс істейді. Ол мекеменің бас экономисі ретінде қаржы жетіспеген жағдайда, басқа ерекшеліктерден немесе келесі айдың қаражатын алға жылжытып отырады. Сонымен қатар, төлеуге жоспарланған ақшаның сомасы жоғарылау себебін анықтау (осы жағдай жиі болып тұратын құбылыс екенін нақтылап отыр) оның міндетіне кірмейді. Аталған міндет сотталушы Д.Іңкәрбековаға жүктелген. Әр мектеп бойынша жоспарланған ақшадан не себепті көп мөлшерде ақша есептелгендігі туралы сектор жетекшілері бас есепші Д.Іңкәрбековаға есеп береді. №51 мектепке жауапты сектор жетекшісі сотталушы Г.Уркумбаева екендігін айтқан.

5) Куә У.Байдуановтың сотта берген жауабына сай, ол 2019 жылы «Тараз қаласы әкімдігі білім бөлімі» КММ басшысының орынбасары болып жұмыс істеген. Ол ай сайын Тараз қаласының мектеп жұмысшыларына жалақы төлеу туралы бухгалтерлік құжаттарын КММ-нің бас есепшісі Д.Іңкәрбекова қол қойған соң, ЭЦП «Казтокен» электронды кілтпен бекітіп отырған (тергеу барысында куә У.Байдуанов ЭЦП кілтті Іңкәрбековаға беріп қой-

ғанын айтқан. Бас прокуратура бұл заң бұзушылықты анықтап, ЭЦП кілт «Электрондық құжат және электрондық қолтаңба туралы» заңының 10-бабына сай, электрондық цифрлық қолтаңба басқа тұлғаларға берілуге жатпайды, сондықтан У.Байдуановтың әрекетіне құқықтық баға берілу қажет деп Жамбыл облысы прокурорына нұсқау енгізген, нұсқау қылмыстық іске тіркелген (14-том, іс беттері 10; 40), содан кейін ақша Қазынашылық арқылы жұмысшыларға аударылған).

6) Куә Ж.Адилбекованың сотта берген жауабына сай, ол 2014-2018 жылдары ол «Тараз қаласы әкімдігі білім бөлімі» КММ-нің есеп секторының есепшісі болып жұмыс істеген. Тарификациялық тізімде көрсетілген сомамен есеп-айырысу ведомостында есептелген соманың айырмашылығы мектептерде мұғалімдердің бір-бірін жиі алмастыруы себебінен көбею бағытында болады. Осыған байланысты, есеп айырысу ведомостында көрсетілген сомамен тарификациялық тізімде көрсетілген соманың айырмашылығын, себебін білетіндіктен, ешкім анықтайтын деп көрсетті.

Г.Уркумбаева бір эпизод бойынша (Алибекова Камилаға қатысты ҚР ҚК 190-баптың 4-бөлігі, 2-тармағы бойынша сотқа берілген №3111-20-00-1/35 қылмыстық іс бойынша) сотталған К.Алибековамен бірлесіп, 2 (екі) есеп айырысу ведомостың жасап отырған. Тексеру комиссияларына шынайысын көрсетіп отырған. Бұл фактіні аталған қылмыстық істегі К.Алибекованың жауабынан көруге болады.

Алибекова Камилаға қатысты қылмыстық іс №193100131000093 (2014-2019 жж) кассациялық шағым беріліп отырған қылмыстық істен бөлінген және Жамбыл облысының Тараз қалалық №2 сотында (судья Байдаулетова Ж.Е.) қысқартылған тәртіппен қаралып, 24 ақпан 2020 жылы Алибекова Камилаға қатысты үкім шыққан, сөйтіп, ол бес жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді, бірақ қазіргі таңда асырауында көмектесетін баласы барын ескеріп, сот жазаны орындауды кейінге шегерген.

Үкімге Алимулова Аймқұлдың қорғаушысы Н.Жазылбековтың атынан Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына 25.06.2021 жылы апелляциялық (жеке) шағым берілді. Өйткені, Алибекова Камила есептеу бөлімінің бухгалтері болып жұмыс атқарған және сектор меңгерушісі Г.Уркумбаеваның қол астында істеген, еңбек шарты және функционалды міндеті бойынша оған тікелей бағынышты болған және Г.Уркумбаеваның туған келіні екендігі сот барысында анықталды. Сонымен қатар, К.Алибекова қылмысты Г.Уркумбаевамен бірігіп жасаған.

Қорғаушы Н.Жазылбековтың апелляциялық (жеке) шағымды Жамбыл облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасында келесі құрамда: төрағасы М.Д. Атибеков және алқа судьялары Н.А. Жумағұловтың және Г.К. Нурлыкуловтың қатысуымен қаралып, 2021 жылдың 13 тамызында қанағаттандырысyz қалдыру туралы №1А-218/2021 қаулысы шығарылды.

Сондықтан, қорғаушылар Алибекова Камилаға қатысты №3111-20-00-1/35 қылмыстық істі сот мәжілісіне алдырып, бірге қарау туралы өтініш хатты бірнеше рет мәлімдеді. Сот инстанциялары заңсыз қолдамады.

8) Айыптау актісінде тергеу органы сотталушылардың, соның ішінде А.Алимулованың функционалды міндеттерін атап жазған, бірақ қылмыстық іске тіркелмеген және қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмеген.

Осы себеппен қорғаушы тарап прокурордың қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмеген А.Алимулованың функционалды міндеттері бекітілген құжаттарды іске тіркеуіне қарсылық білдірді.

9) Сонымен қатар, Жамбыл облысы, Тараз қалалық №2 сотының судьяларын немесе толық құрамын Алимулова Аймқұл Нурпенсовнаға қатысты қылмыстық істі қараудан шеттетуді сұрап, қорғаушы тарап 26.07.2021 жылы Жамбыл облысы, Тараз қалалық №2 сотының судьяларына және толық құра-

мына қарсылық білдірді. Өйткені, аталған соттың төрағасы Ф.Аманбаев қылмыстық істің нәтижесіне жанама мүдделі, оның себебін біз қарсылықта уәждеген болатынбыз (Қарсылық іске тіркелген).

Алайда, Тараз қалалық №2 сотының судьясы Б.Төребеқұлы және аталған соттың төрағасы Ф.Аманбаев істі сол деңгейдегі басқа сотқа беру туралы мәселені шешу үшін жоғары тұрған сотқа жолдамай, өздері шешім қабылдап, қарсылықты қанағаттандырмады.

10) Айыптау актісінде «Г.Уркумбаева 2008 жылы №51 орта мектебінің директоры Б.Ж. Сапаралиеваның сеніп тапсырған электронды цифрлық қолтаңбасы арқылы сонғыдан қылмыстық ойын жасырып, төлем тапсырмасына қол қойып, келесі қаражаттарды заңсыз аударып жымқырған» деген дерек келтірілген (Айыптау актісі, 4-бет).

Сондай-ақ «Сөйтіп, Г.Уркумбаева 2011 жылдың қантар айында №51 орта мектебінің жұмысшыларының жалақы, демалыс, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша жәрдемақылар, сондай-ақ жұмысшының сауығуына жәрдемақы төлеу үшін жұмыс уақытын пайдалану

есебінің табелі негізінде есеп айырысу-төлем ведомостың қалыптастыра отырып, оған аталған мектепте жұмыс атқармайтын өзінің танысы Р.Капарованың анкеталық мәліметтерін және карталық шотының нөмірін көрінеу жалған енгізіп және оған жалақы түрінде аударылатын 49 827 теңгені заңсыз көрсетіп, оны №51 орта мектебі жұмысшыларына есептелген ақша қаражатын аудару жүктелген КММ-нің бухгалтерлік есеп және қазынашылық секторының есепшілеріне тапсырып, төлем тапсырмасын қалыптастырып, бас есепші Д.Іңкәрбековаға ЭЦП-мен қол қою үшін жолданған. Өз кезегінде, бас есепші Д.Іңкәрбековаға Г.Уркумбаеваның аталған есеп айырысу-төлем ведомостына және төлем тапсырмасына Р.Капарованың мәліметтері көрінеу жалған енгізілгені біле тұра, Г.Уркумбаева және А.Алимуловамен бюджет қаражатын ірі мөлшерде немденіп жымқыруға алдын ала сөз байласқандықтан, ЭЦП арқылы қолын қойып, төлем жасау үшін КММ-нің басшысына жолдаған» деген фактілі деректер келтірілген (Айыптау актісі, 13-бет).

Жамбыл облыстық әкімшілігі білім басқармасының Тараз қаласы білім бөлімінің басшысы міндетін атқарушы С.Қойбақовтың, адвокат Н.Кусаинованың адвокаттық сауалына берген мәліметінше, Жамбыл облыстық әкімшілігі білім басқармасының Тараз қаласы білім бөлімі ЭЦП кілтін 2013 жылдан бастап қана қолдана бастаған. 2013 жылға дейін құжаттарға қол қағаз жеткізгіштерде қойылып келген.

РММ «Жамбыл облысы бойынша қазынашылық департаментінің» жетекшісі Н.Т.Тойбаевтың 18.04.2022 жылғы №7-9-7-9-57/ЖТ-К-6 адвокат Н.Кусаинованың адвокаттық сауалына берген мәліметіне сәйкес, РММ «Жамбыл облысы бойынша қазынашылық департаменті» мен КММ «Тараз қаласының білім басқармасының» арасында электронды цифрлық қолтаңба алу жөніндегі келісім 15.03.2013 жылы жасалған. Келісім ҚР ҰҚО (НУЦ) тіркеу орталығынан электронды цифрлық қолтаңба алу үшін негіз болып табылады делінген.

Тараз қаласы білім бөлімі ЭЦП кілтін 2013 жылдан бастап қана қолдана бастаған болса, жоғарыда айтылғандай, мектеп директоры мен бас бухгалтер ЭЦП арқылы қол қойды деген деректер шындыққа жанаспайды. Апелляциялық сатыда аталған мәселеге қорғаушы тарап алқа мүшелерінің назарын аударды. Сондықтан, істің мән-жайларын дұрыс анықтау үшін, істі қайта тергеуге жіберуді сұрадық. Бірақ апелляциялық алқа қорғаушы тараптың өтініш хатын негізсіз қанағаттандырысyz қалдырды!

Алимулова Аймқұл Нурпенсықызы мен Іңкәрбекова Дана Сершібайқызы олардың іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталуы тиіс!

**Назкен КУСАИНОВА,  
Талғат БАЛАШОВ,  
Нуралан ЖАЗЫЛБЕКОВ,  
қорғаушылары. Алматы қаласының адвокаттары**



ПӘРМЕН

## КӘСІПКЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕКТІҢ САЛЫҒЫНАН БОСАТЫЛАДЫ

Кәсіпкерлер «Қаңтар оқиғасы» кезінде бүлінген мүлкінің залалын өтеу мақсатында мемлекеттен алған ақшалай көмегінің табыс салығынан босатылады. Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 11 шілдедегі № 135-VII заңымен Салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар төтенше жағдай кезеңінде келтірілген мүлкіктің залалды өтеу кезінде салық салу тәртібін реттейді. Кодекстің 241-бабы 1-тармағының жаңа 28)-тармақшасы шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің төтенше жағдай кезеңінде келтірілген мүлкіктің залалды өтеу үшін алған ақша сомасын жылдық жиынтық табыстан алып тастауды көздейді. Бұл норма уақытша және 2022 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады. Сондай-ақ 341-баптың 1-тармағының 17) тармақшасы төтенше жағдай кезеңінде келтірілген мүлкіктің залалды өтеу түріндегі Қазақстан заңнамасымен, жеке табыс салығы салынатын кірістерден, бюджеттен төленетін төлемдерден алып тастауды көздейтін жаңа абзацпен толықтырылды. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыста енгізілді.

